

Түркістан облысы Созақ аудандық мәслихатының 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 127 "Созақ ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы Созақ аудандық мәслихатының 2023 жылғы 22 қыркүйекте № 58 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 27 қыркүйекте № 6354-13 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Созақ аудандық мәслихатының 2026 жылғы 25 ақпандағы № 246 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Созақ аудандық мәслихатының 25.02.2026 № 246 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Созақ аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Түркістан облысы Созақ аудандық мәслихатының "Созақ ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы" 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 127 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29803 болып тіркелді) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1, 2-қосымшалары осы шешімнің 1, 2-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Созақ аудандық мәслихатының төрағасы

О. Жәмиев

Созақ аудандық мәслихатының
2023 жылғы 22 қыркүйектегі
№ 58 шешіміне қосымша

Созақ аудандық мәслихатының
2022 жылғы 23 қыркүйектегі
№ 127 шешіміне қосымша

Созақ ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі бекіткен ипотекалық бағдарлама және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасы шеңберінде ипотекалық тұрғын үй қарыздарын пайдалана отырып, азаматтардың тұрғын үйді меншігіне алу құқығын іске асыру үшін Созақ ауданында тұрғын үй сертификаттарының мөлшері:

1) әлеуметтік көмек түрінде, бастапқы жарна сомасының 10% мөлшерінде, бірақ 1 500000 (бір миллион бес жүз мың) теңгеден аспайтын мөлшерде;

2) әлеуметтік қолдау түрінде, бастапқы жарна сомасының 10% мөлшерінде, бірақ 1 500000 (бір миллион бес жүз мың) теңгеден аспайтын мөлшерде айқындалсын.

Тұрғын үй сертификатының сомасы әрбір алушы үшін 1 500000 (бір миллион бес жүз мың) теңгеден аспайтын бірыңғай мөлшерде айқындалады.

Созақ аудандық мәслихатының
2023 жылғы 22 қыркүйектегі
№ 58 шешіміне 2 қосымша

Созақ аудандық мәслихатының
2022 жылғы 23 қыркүйектегі
№ 127 шешіміне 2 қосымша

Созақ ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарын алушылар санаттарының тізбесі

- 1) Ұлы Отан соғысының ардагерлері;
 - 1-1) жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер;
 - 1-2) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері;
- 2) 1 және 2 топтардағы мүгедектер);
- 3) мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары;
- 4) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітетін аурулар тізімінде аталған кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын адамдар;
- 5) жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер;
- 6) кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
- 7) қандастар;
- 8) экологиялық зілзалалар, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан тұрғын үйінен айырылған адамдар;
- 9) "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын " Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар;
- 10) мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерін, әскери қызметін орындау кезінде, ғарыш кеңістігіне ұшуды дайындау немесе жүзеге асыру кезінде, адам өмірін құтқару кезінде, құқық тәртібін қорғау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) адамдардың отбасылары;
- 11) толық емес отбасылар;
- 12) мемлекеттік қызметшілерге, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлеріне, әскери қызметшілерге, ғарышкерлікке кандидаттарға, ғарышкерлерге, арнаулы

мемлекеттік орган қызметкерлеріне және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдарға;

13) "Еңбек ресурстарын болжаудың ұлттық жүйесін қалыптастыру және оның нәтижелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы" "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 20 мамырдағы № 161 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32546 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес қалыптастырылатын еңбек ресурстарының болжамын ескере отырып, еңбек жұмыспен қамту статистикасы бойынша статистикалық байқауларды талдау негізінде денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт салаларында еңбек қызметін жүзеге асыратын сұранысқа ие мамандар".

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК